

Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 22 сәуірдегі N 16-3 "Аудан бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 1 наурыздағы N 25-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 18 наурызда N 7-8-101 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 шілдедегі N 7-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 2012.07.30 N 7-2 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Бюджет кодексінің 56 бабы 1 тармағының 4 тармақшасын, 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабын және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20 бабын басшылыққа алып Казталов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық мәслихаттың "Аудан бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2009 жылғы 22 сәуірдегі N 16-3 шешімінің 1 тармағы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-8-87 тіркелген, 2009 жылғы 18 мамырдағы, аудандық "Ауыл айнасы" газетінде N 24 жарияланған) 8 тармақшамен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"8) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, Ұлы Отан соғысында қаза болған ардагерлердің қайта тұрмысқа шықпаған жесірлеріне және қайтыс болған Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің жесірлеріне коммуналдық шығындарын өтеуге көмек ретінде 18 мың теңге мөлшерінде 2010 жылға арналған бір жолғы материалдық көмек берілсін."

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы

Е. Газизов

Ж. Хайруллин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК